- Киім заттарының немесе дене бөліктерінің құрылғының жылжымалы механизмдеріне түсуіне жол бермеңіз.
- Құрылғының жанында темекі, оттықтар, сіріңкелер мен тез тұтанатын заттарды қалдырмаңыз.
- Құрылғыны зарядтау үшін осы модельдің жиынтығына енетін желілік бейімдегішті пайдалануға жол етіледі.
- Басқа бейімдегішті пайдалану электр тогымен зақымдануға, өртке және құрылғының зақымдалуына әкелуі мүмкін.
- Электр қуатының баусымына, істікшеге немесе бейімдегішке дымқыл қолдарыңызды тигізбеңіз.
- Қуат баусымына зақым келтірмеу үшін сақтық шараларын қолданыңыз. Құрылғыны қуат баусымынан немесе зарядтау ұясынан ұстап жылжитпаңыз немесе көтермеңіз, қуат баусымын тұтқа ретінде пайдаланбаңыз, оны есік ойығында қыспаңыз.
- Бұйымның қуат баусымы бойымен қозғалуына жол бермеңіз және оны жылу көздерінен алыс сақтаңыз.
- Бұйымды зарядтау үшін зақымдалған зарядтау ұяларын пайдалануға тыйым салынады. Зарядтау ұялары зақымдалған жағдайда жарақат алу қаупін болдырмау үшін оларды жөндеуді немесе ауыстыруды өндірушінің, авторландырылған дистрибьюторлардың немесе ұқсас бөлімшелердің мамандары орындауы тиіс.
- Қуат баусымын бүкпеңіз немесе оған ауыр заттарды қоймаңыз.
- Зақымдалған қуат баусымы немесе розеткасы бар құрылғыны пайдаланбаңыз. Егер желілік баусым зақымдалған болса, онда қауіпті жағдайлардың алдын алу үшін оны өндірушінің мамандары, техникалық қызмет көрсету бөлімінің қызметкерлері немесе ұқсас білікті қызметкерлер алмастыруы керек.
- Зарядтау станциясының қуат бейімдегіші розеткаға мықтап салынуы керек. Әйтпесе, аккумулятор батареясына зақым келуі мүмкін.
- Қуат кернеуі зарядтау станциясында көрсетілген кернеуге сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
- Құрылғы тек үй жағдайларында ғана пайдалануға арналған. Құрылғыны ашық ауада, сауда немесе өнеркәсіптік үй-жайларда пайдалануға тыйым салынады.
- Шаңсорғыш-роботқа отырмаңыз және оған қандайда бір заттарды қоймаңыз.
- Үй-жайдағы адамдарға шаңсорғыш-роботты іске қосу туралы ескертіңіз.
- Құрылғыны нәрестелер мен кішкентай балалар ұйықтайтын үй-жайда пайдаланбаңыз.
- Лазерлік қашықтық өлшеуіш модулін баспаңыз немесе құрылғыны одан

ұстап көтермеңіз, бұл навигациялық жүйенің зақымдалуына әкелуі мүмкін.

- Шаңсорғыш-роботты -18°-тан 25°-қа дейін С-ке қолданыңыз. Құрылғыны өте жоғары немесе төмен температурада пайдалануға тыйым салынады.
- Ылғалды ортада шаңсорғыш-роботты пайдаланбаңыз.
- Құрылғыны ылғалды немесе су сіңген беттерде пайдалануға тыйым салынады.
- Шаң жинауға немесе дымқыл тазалауға арналған контейнер құрылғыға орнатылмаған болса, шаңсорғыш-роботты пайдаланбаңыз.
- Құрылғыны ашық от немесе сынғыш заттар бар үй-жайларда пайдалану ұсынылмайды.
- Бұйымның ішіне темекі, сіріңке, құл және өрт тудыруы мүмкін басқа заттар сияқты тұтанғыш және жанғыш заттардың түсуіне жол бермеңіз.
- Бұйымның ішіне оның бұғатталуын тудыруы мүмкін тастар, макулатура және т. б. сияқты кез келген бөгде заттардың түсуіне жол бермеңіз.
- Құрылғыны құлап кетуі мүмкін бетке қоймаңыз (үстелдер, орындықтар және басқа беттер).
- Баспалдақтар сияқты биіктіктің алмасулары бар құрылмалар болған кезде, оның еденнің шетін анықтай алатындығына көз жеткізу үшін алдымен құрылғыны тестілеңіз. Бұйымның құлап кетуінің алдын алу үшін биіктік алмасу шегі бойынша қоршау орнатыңыз. Қорғаныс қоршауы шалынып кету мүмкіндігі бар жарақат қауіпі кедергі болмайтынына көз жеткізу керек.
- Шаңсорғыш-робот ұзақ уақыт бойы пайдаланылмаса, оның қуатын өшіріңіз.
- Құрылғыны кәдеге жарату алдында міндетті түрде аккумуляторды алып тастаңыз.

- Бұйымды қолданар алдында шаң жинайтын камера мен сүзгілеуші материалдың орнына орнатылғанына көз жеткізіңіз.
- Шаң жинауға арналған контейнер барынша болған кезде құрылғыны пайдаланбаңыз. Әрі қарай қауіпсіз пайдалану үшін қоқысты алып тастаңыз.
- Егер сору саңылауы бөгде затпен бұғатталса, шаңсорғыш-роботты пайдаланбаңыз. Сорғыш саңылауды, орталық және бүйірлік щеткаларды үнемі тазалаңыз.
- Шаштар, киімнің салбыраған ұштары, саусақтар және дененің басқа бөліктері бұйымның саңылауларынан және жылжымалы бөліктерінен қауіпсіз қашықтықта болуы керек.
- Құлау, зақымдану, үй-жайдан тыс пайдалану немесе су тиюдің нәтижесінде істен шыққан құрылғыны пайдаланбаңыз. Жарақаттануды болдырмау үшін бұйымды жөндеуді өндіруші немесе оның сервистік қызметі орындауы керек.
- Сору саңылауының жанына бөгде заттарды қоюға тыйым салынады. Егер сору саңылауы бітеліп қалса, құрылғыны пайдалануға тыйым салынады. Сору саңылауындағы ауаның кедергісіз айналуы үшін сору саңылауын шаңнан, мақтадан, шаштан және т.б. тазалаңыз.
- Құрылғыны қуат желісінен ажыратқаннан кейін ғана тазалауға болады. Ауыстырып-қосқышты өшірулі күйге орнату керек.
- Бұйымдыкәдеге жаратпас бұрын, жарамдылық мерзімі өткен аккумулятор батареяларын қолданыстағы қағидаларға сәйкес кәдеге жарату керек.
- Бұйымды кәдеге жаратпас бұрын, жергілікті заңдар мен қағидаларға сәйкес бұйымның аккумулятор батареясын шығару және кәдеге жарату керек.
- Аккумуляторлы батареяның жарылу қаупін болдырмау үшін жөндеуге жатпайтын құрылғыны өртеу арқылы кәдеге жаратуға тыйым салынады.
- Құрылғыны нұсқаулықта берілген нұсқауларға сәйкес пайдаланыңыз. Компания бұйымды дұрыс пайдаланбау нәтижесінде туындаған шығындар мен залалдар үшін жауап бермейді.

⚠ Назар аударыңыз! Бұл маңызды:

- Төменде берілген ақпарат осы шаңсорғыш-роботты кәдеге жарату кезінде ғана қолданылады және күнделікті пайдалану жөніндегі нұсқаулық болып табылмайды!
- Аккумулятор батареясы толығымен таусылғаннан кейін ғана алынуы керек. Ешқандай жағдайда аккумулятор батареясы металл заттармен жанаспауы керек.

Аккумулятор батареясын алу реттілігі

1. шаңсорғыш-роботта аккумулятор батареясының толығымен токтан ажыратыңыз;
2. қуат батырмасы басып құрылғыны өшіріңіз;
3. роботтың батарея бөлігінің қақпағын бекіту бұрандасын бұрап алыңыз;
4. аккумулятор батареясы қақпағын алыңыз;
5. батарея ағытпасының істікшесін ажыратыңыз және аккумулятор батареясын шығарыңыз.

Li-Ion батареясын пайдалану және кәдеге жарату қағидалары мен шектеулері

- Жиынтықталымға кіретін немесе компанияның ресми өкілдігінде са-тып алынған түпнұсқа аккумуляторлық батареяны ғана қолданыңыз.
- Аккумулятордың қызметін ұзарту үшін, құрылғы тазаланса, құрылғыны зарядтау станциясында ұстаңыз.
- Егер құрылғы ұзақ уақыт пайдаланылмаса және зарядтау станциясына орналаспаса, аккумуляторды алып тастаңыз.

- Құрылғы мен аккумуляторды салқын, құрғақ жерде ұстаңыз.
- Пайдаланушы аккумулятор батареясын өздігінен ауыстыруды жүргізе алады. Егер аккумулятор батареясы зақымдалған болса, оны ауыстыру үшін өндірушіге, авторландырылған дилерге немесе ұқсас саладағы маманға жүгініңіз.
- Құрылғының аккумуляторлық батареяларын тұрмыстық қоқыспен бірге кәдеге жаратуға тыйым салынады; оларды орталықтандырылған қайта өңдеу үшін жақын жердегі кәдеге жарату пунктіне немесе сатудан кейінгі қызмет көрсету орталығына тапсыру керек.
- Қызмет мерзімі өткен аккумулятор батареяларын кәдеге жарату кезінде жергілікті заңдар мен қағидаларды сақтау керек.

Шаңсорғыш-роботты сақтау, тасымалдау (тасымал), өткізу және кәдеге жарату қағидалары мен шарттары

Аспап қандай да бір монтаждауды немесе тұрақты бекітуді талап етпейді.

Бұйым ауа температурасы +18-тен +25°C- ке дейін және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80% дейінгі жылытылатын үй-жайда сақталуы керек. Бұйымдар сақталатын бөлмелерде булары немесе газдары коррозия тудыруы мүмкін қышқылдардың, сілтілердің және басқа да химиялық белсенді заттардың буы болмауы тиіс.

Сату жеткізуге жасалған келісім шарттарға сәйкес жүзеге асырылады.

Аспапты сақтау және тасымалдау құрғақ жерлерде жүргізілуі тиіс. Қаптамадағы бұйымдар мен деректер тасығыштар автомобиль, теміржол және авиациялық (герметикталған бөліктерде) көлік түрлерімен оларды ластанудан және атмосфералық жауын-шашыннан қорғау шартымен кез келген қашықтыққа тасымалдануы мүмкін. Темір жол арқылы тасымалдау жабық вагондарда, ал ашық вагондарда тасымалдау кезінде контейнерлерде жүзеге асырылуы тиіс. Қапталған

бұйымдары бар тасымалдау ыдысын көлік құралдарына орналастыру және бекіту, оның орнықты орналасуын қамтамасыз етуге және тасымалдау кезінде орын ауыстыруға жол бермеуге тиіс.

Аспапты өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.

Өнімдегі немесе оның сипаттамасындағы бұл таңба бұл өнімнің қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін басқа үй қалдықтарымен бірге қәдеге жаратуға жатқызылмайтынын көрсетеді.






Қалдықтарды бақылаусыз қәдеге жарату салдарынан қоршаған ортаға немесе адам денсаулығына ықтимал зиян келтірудің алдын алу үшін осы өнімді қалдықтардың басқа түрлерінен бөліп, оны материалдық ресурстарды ұтымды қайта пайдалану үшін тиісті түрде қәдеге жаратыңыз.

Үй тұтынушылары бұл аспапты қайда және қалай жеткізу керектігі туралы толық ақпарат алу үшін өнімді сатып алған бөлшек сауда өкіліне немесе жергілікті билік органына хабарласуы тиіс.

Техникалық сипаттамалары

Тазалау түрі	Құрғақ/ылғалды
Шаңсорғыш-роботтың сору қуаты	3000 Pa
Зарядтау станциясының сору қуаты	16 000 Pa
Шаң жинауға арналған контейнер сыйымдылығы	120 мл
Емкость совмещенного контейнера для сухой и влажной уборки	220/230 мл
Шаң жинайтын қаптың сыйымдылығы	3 л
Қозғалу жылдамдығы	22–25 см/с
Еңсерілетін кедергілер биіктігі	15 мм
Бір зарядта жинау алаңы	до 200 дейін
Аккумулятордан жұмыс істеу уақыты	до 200 дейін
Аккумуляторды зарядтау уақыты	до 300 дейін
Аккумулятор түрі және сыйымдылығы	Li-ion 5200 м/Асағ
Кернеуі	14,4 В
Шаңсорғыш-роботтың өлшемдері (Ұ×Е×Б)	325×325×96 мм
Зарядтау станциясының өлшемдері (Ұ×Е×Б)	315×250×200 мм
Шаңсорғыш-роботтың салмағы (қорапсыз)	2,7 кг
Зарядтау станциясының салмағы	3,4 кг
Кіріс кернеуі	220–240 В, 125 А
Жилігі	50 Гц
Шығу кернеуі	24 В

Шаңсорғыш-роботтың құрылмасы




Шаң жинайтын зарядтау станциясының құрылмасы


Шаң жинау станциясының алдыңғы көрінісі




Шаң жинау станциясы қақпағы ашық



Шаң жинау станциясының артқы көрінісі




Шаң жинау станциясы астынан қарағандағы көрінісі



Жиынтықтамасы

- 1 Шаңсорғыш-робот
- 2 Қуаттандыру станциясы
- 3 220 вольтты желілік бейімдегіш
- 4 Құрғақ және дымқыл тазалауға арналған біріктірілген контейнер
- 5 Виртуалды қабырға
- 6 Бүйірлік щеткалардың екі жиынтығы
- 7 Өзара алмастыратын үш орталық щетка:
жұмсақ кілем жабындарынан қоқысты тиімді тазартуға арналған гибридітті щетка.
жұмсақ кілем және қатты жабындардан жүн, шаш сияқты қоқыстарды тиімді тазалауға арналған силикон щетка.
жарықшалары және қуыстары бар қатты жабындардан жануарлардың **жүндерін, шаштарды және ұсақ шаңды** тазалауға арналған резеңке-ленген қырғышы бар сорғыш модуль.
- 8 Ылғал тазалауға арналған қосымша микрофибра
- 9 Қосымша HEPA-сүзгісі
- 10 Контейнерді және орталық щетканы тазалауға арналған щеткалар
- 11 Датчиктерді тазалауға арналған майлық
- 12 Қашықтан басқару пульті
- 13 Пайдаланушының қысқаша нұсқаулығы.



Функционалдық мүмкіндіктері

VISION шаңсорғыш-робот 2-жиынтығы күрделі жоспарланған кең үй-жайларды тазалаудың заманауи тәсіліне кепілдік береді.

Қоқысты автоматты түрде жинау функциясы

Шаң жинайтын зарядтау станциясы шаңсорғыш-роботтан қоқыс жинау функциясымен жабдықталған. Тазалау аяқталғаннан кейін әр ретте станция шаңсорғыш-робот контейнерін автоматты түрде тазартады. Шаң жинағыш зарядтау станциясындағы шаң жинағыштың көлемі 60 тазалау циклына дейін жетеді.

Мобильді қосымшаны басқару және навигация

Құрылғыны басқарыңыз, тазалау режимдерін бағдарламаңыз және мобильді қосымшаның көмегімен жұмыс үдерісін бақылаңыз.

Бірнеше картаны есте сақтау

Құрылғы роботты бір үй-жайдан екіншісіне ауыстырған кезде тазалау үдерісі мен жылдамдығын оңтайландыруға мүмкіндік беретін бес түрлі картаға дейін есте сақтайды. Құрылғы кеңістіктегі өз орнын дәл анықтайды, мысалы, оны бір қабаттан екінші қабатқа жылжытқанда. Карталарды қосу немесе жою функциясы мобильді қосымшада қолжетімді.

Назар аударыңыз! Бұл маңызды:

Жаңа картаны құру және сақтау мобильді қосымшада құрылғыны осы үй-жайда бірінші рет іске қосқаннан кейін жүзеге асырылады.

Үй-жайларды басқару

Іріктеп тазалау жүргізу үшін немесе құрылғының белгіленген аймақтарға кіруін шектеу үшін мобильді қосымшадағы картадағы

бөлменің бірнеше бөлігін топтастыруға немесе бөлуге болады. Шаңсорғыш-робот осындай 14 аймаққа дейін есте сақтау функциясын қолдайды.

Назар аударыңыз! Бұл маңызды:

Бұл аймақтың ауданы бір шаршы метрден артық болуы керек.

Сору қуатын реттеу

Үй-жайдың ластану дәрежесіне байланысты қуаттың үш деңгейінің бірін таңдаңыз. Сору қуатын реттеу батырманы басқан кезде мобильді қосымшаның немесе ҚБ пультінің көмегімен жүзеге асырылады.

Суды автоматты түрде ақылды беру

Жетілдірілген SMART DRIP 2.0 технологиясы біріктірілген құрғақ және дымқыл тазалау кезінде микрофибраға сұйықтықтың мөлшерленген түсін қамтамасыз етеді және шаңсорғыш-робот тоқтаған жағдайда су беруді тоқтатуға кепілдік береді.

Су беру көлемін реттеу

Мобильді қосымшада еден жабынының түріне және ластану түріне байланысты біріктірілген құрғақ және ылғалды тазалау кезінде берілетін сұйықтықтың ең аз, орташа немесе максималды көлемін таңдаңыз.

Бейімделген тазалау

Жиынтыққа енетін өзара алмастырылатын екі орталық щетка және қосымша сорғыш модуль еден жабынының түріне және ластану түріне байланысты тазалаудың максималды тиімділігін қамтамасыз етеді. Кілем жабынына арналған құрамдастырылған щетканы, біршама ірі қоқыстарды немесе үй жануарларының жүнін тазалау үшін силикон щетканы, сору қуатын арттыру және ұсақ қоқыстарды тазалау үшін қосымша сору модулін пайдаланыңыз.

Зарядтау станциясына оралу

Құрылғы тазалау аяқталғаннан кейін немесе аккумулятор таусылған жағдайда зарядтау базасына өздігінен оралады. Сондай-ақ, сіз тазалауды мәжбүрлеп аяқтай аласыз немесе тоқтата аласыз және құрылғыны зарядтау базасына жібере аласыз.

Аккумулятор зарядының таусылуына байланысты тазалауды тоқтатқан жағдайда, құрылғы жұмысын аяқтайды, зарядты толтыру үшін зарядтау станциясына оралады, содан кейін қалған аумақты тазалауды жалғастырады.

Дауыстық хабардар ету

Шаңсорғыш-робот құрылғының жұмысы және туындайтын қателер туралы хабарлайтын дауыстық ақпараттандыру жүйесімен жабдықталған.

Биіктіктен құлаудың алдын алу

Шаңсорғыш-роботтың төменгі жағында орналасқан биіктіктің алмасу датчиктері құрылғының құлап кетуінің алдын алуға мүмкіндік береді.

Назар аударыңыз! Бұл маңызды:

Егер құрылғы биіктік алмасуының өзгеруімен еден жабындарында қолданылса, құрылғыны құлаудан қорғау үшін «Тазалау аймағын шектеу» режимін қолданған жөн.

Түйінделуден қорғаныс

Егер электр сымдары тазалау аймағында болса, шаңсорғыш-робот щеткалардың айналуын тоқтата отырып түйінделуді болдырмауға тырысады және қауіпсіз жерге ауысады.

Назар аударыңыз! Бұл маңызды:

Құрылғымен жұмысты бастамас бұрын үй-жайды дайындау және еден жабынынан электр сымдарын жинау және бөгде заттарды жинау ұсынылады. Олардың болуы тазалаудың ұзақтығы мен сапасына әсер етуі мүмкін.

Кілемдерде сору қуатын арттыру

Құрылғы кілем жабындарындағы сору қуатын максимумға дейін автоматты түрде жоғарылатады, осылайша біршама тиімді тазалауды қамтамасыз етеді.

Назар аударыңыз! Бұл маңызды:

Егер құрылғы максималды қуатта жұмыс істеп тұрса, кілем жабындарындағы сору қуаты артпайды.


Тазалау режимдері

Бұл модельде 7 тазалау режимі көзделген.

Картаны құрастыра отырып зияткерлік тазалау

Ең соңғы навигациялық жүйе және LASER VIEW технологиясы аумақты сканерлеуді және шаңсорғыш-роботтың жолында кездесетін кедергілерді анықтауды қамтамасыз етеді. Алғаш іске қосылған кезде құрылғы үй-жайдың габариттері мен интерьер ерекшеліктерін ескеретін егжей-тегжейлі карта жасайды. Лазерлік қашықтық өлшеуіш кедергілер туралы жаңартылатын деректерді алуға мүмкіндік бере отырып 360 градусық шолумен көлденең жазықтықта айналады.

Шаңсорғыш-робот үй-жайды шағын секторларға бөледі, берілген аумақтың әрбір бөлігін дәйекті түрде тазартады.



GUTREND VISION 730 робот-шаңсорғыш 2-жиынтықталым


Назар аударыңыз! Бұл маңызды:

- Аккумулятор таусылған жағдайда, құрылғы зарядты толықтыру үшін зарядтау станциясына қайта оралады, содан кейін тазалау аяқталған жерден қалған аумақты тазалауды жалғастырады.
- Лазерлік қашықтық өлшеуіш модулінің деңгейінде орналасқан айна беттері картаның сыртқы түрін дұрыс көрсетуге әсер етуі мүмкін. Шағылысқан сигналдың арқасында құрылғы кедергілер сияқты беттерді қабылдамауы мүмкін. Бұл жағдайда құрылғының навигациясы оптикалық датчиктердің көрсеткіштері негізінде жүзеге асырылады.
- Лазерлік қашықтық өлшеуіш модулінің деңгейінен төмен орналасқан заттар картада көрсетілмейді. Мұндай объектілерді тану оптикалық датчиктердің көрсеткіштері негізінде жүзеге асырылады.
- Құрылғының жұмысын бастамас бұрын еденнен лазерлік қашықтық өлшеуіш модулінің деңгейінен төмен орналасқан сынғыш заттарды алып тастау ұсынылады. Сондай-ақ, сіз роботтың белгіленген учаскелерге өтуіне тыйым салу үшін «Тазалау аймағын шектеу» режимін немесе виртуалды қабырғаны пайдалана аласыз.

Суды автоматты бере отырып біріктірілген құрғақ және дымқыл тазалау

DUAL CLEAN технологиясы үй-жайды бір уақытта құрғақ және дымқыл тазалауға мүмкіндік береді. Біріктірілген контейнердің арқасында су беру және қоқысты сору бір уақытта жүзеге асырылады.

Бірлескен тазалау шаң жинағыштан, су бағынан және микрофибрадан тұратын арнайы контейнердің көмегімен жүзеге асырылады. Ылғалды тазалау үшін су микрофибраға су бағынан механикалық түрде беріледі.



Суды автоматты бере отырып біріктірілген тазалауды іске қосу үшін келесі әрекеттерді орындаңыз:

1. Біріктірілген тазалауды бастамас бұрын, құрғақ тазалауға арналған контейнерді шығарыңыз.
2. Біріктірілген тазалау үшін шаң бағын контейнерден шығарыңыз.
3. Су бағының тығыздағыш бітеуішін ашыңыз, контейнерге таза су құйыңыз, бітеуішті мықтап жабыңыз және су бағын орнына орнатыңыз.
4. Сұйықтықтың біршама біркелкі келіп түсін қамтамасыз ету үшін микрофибраны сулаңыз және сығыңыз.
5. Біріктірілген тазалау үшін контейнерді шаңсорғыш-роботқа орнатыңыз.

⚠ Назар аударыңыз! Бұл маңызды:

- Кілем жабындарын біріктірілген тазалау үшін контейнер орнатылған шаңсорғыш-роботты пайдаланбаңыз. «Тазалау аймағын шектеу» режимін немесе виртуалды қабырғаны пайдаланыңыз.
- Егер су таусылса, контейнерге су қосыңыз.
- Шаңсорғыш-роботты зарядтау базасына жібермес бұрын біріктірілген тазалауға арналған контейнерді алып тастаңыз.
- Егер оны қолданбайтын болсаңыз, құрылғыны оған су құйылған контейнермен қалдырмаңыз.

🔄 Қайта тазалау


Құрылғы мобильді қосымшада картада белгіленген жерлерді бірнеше рет тазалайды. Сіз таңдалған аймақтарды екі немесе үш рет қайталап тазалауды бағдарламалай аласыз.

🔍 Іріктеп тазалау

Мобильді қосымшада картадан белгілі бір тазалау аймақтарын таңдаңыз. Ол үшін «Тазалау аймағы» батырмасын басып, тіктөртбұрыштардың көмегімен картадағы аймақтарды бөлектеңіз. Құрылғы алдымен таңдалған аймақтың периметрі бойынша қозғалып, содан кейін тіктөртбұрыштың ішіндегі кеңістікті алып тастап, тек берілген жерлерді дәйекті түрде тазартады. Жұмыс аяқталғаннан кейін шаңсорғыш-робот зарядтау станциясына өздігінен оралады. Картадағы тіктөртбұрыштардың өлшемі мен орналасқан орнын өзгерте отырып тазалау аймағын түзете аласыз.

⚠ Назар аударыңыз! Бұл маңызды:

Құрылғының функционалдық мүмкіндіктері максималды таңдалған 10 аймақта тазалау жүргізуді көздейді.




Мұқият тазалау

Жылжу алгоритмі бағдар бойынша қозғалу кезінде шағын учаскелерді қайталап өтуді көздейді. Еден жабынын біршама мұқият тазарту үшін құрғақ немесе біріктірілген тазалау кезінде осы режимді қолданыңыз.

Тазалау аймағын шектеу

Сіз шаңсорғыш-роботтың мобильді қосымшадағы картадағы белгілі бір аймақтарға жылжуына тыйым сала аласыз. Ол үшін «Тыйым салынған аймақ» батырмасын басып, картадағы аймақты тіктөртбұрыштардың немесе сызықтардың көмегімен бөлектеңіз.


Құрылғы шектеулі жерлерді айналып өтіп, үй-жайды дәйекті түрде тазалауды орындайды. Картадағы тіктөртбұрыштардың немесе сызықтардың өлшемі мен орналасқан орнын өзгерте отырып, сіз тазалауды қажет етпейтін жерлердің аумағын түзете аласыз.



Назар аударыңыз! Бұл маңызды:

Құрылғының бағдарламалық алгоритмі таңдалған аймақтарда тазалауды шектеуді және шаңсорғыш-роботты олардың үстінен жылжытуға тыйым салуды көздейді. Тазалауды жоспарлау кезінде осы ерекшелікті ескеріңіз. Әрі қарай жылжу үшін құрылғыға бос орындар қалдырыңыз.

Құрылғының мүмкіндіктері мобильді қосымшадағы картада тазалауға тыйым салынған 10 аймақты бір уақытта орналастыруға мүмкіндік береді.



Кесте бойынша тазалау

Мобильді қосымшаның көмегімен аптаның нақты күндері мен уақытына тазалауға шаңсорғыш-роботты жоспарлаңыз. Ол үшін «Тазалау кестесі» бөлімінде қажетті параметрлерді орнатыңыз.

Мобильді қосымша

Жылдам бастау немесе gutrend.com сайтында, тауар парағында орналастырылған QR-кодты сканерлеп мобильді қосымшаны смартфонға орнатыңыз. Қосымшаны AppStore немесе Google Play-ден жүктеуге болады, ол үшін іздеу жолына «GUTREND VISION» деп енгізіңіз. Қосымшаны орнату әдістері туралы толығырақ «Мобильді қосымша» бөліміндегі тауар парағындағы gutrend.com сайтынан білуге болады.

Жұмысты бастау үшін құрылғының корпусындағы Wi-Fi белсендіру индикаторы-батармасын дауыстық сигналға дейін ұстап тұрып, Wi-Fi модулін іске қосыңыз. Корпусағы Wi-Fi индикаторы көк жарықпен жылтылдай бастайды. Смартфонда мобильді қосымшаны ашып, егжей-тегжейлі нұсқаулықтарды орындаңыз.



⚠ Назар аударыңыз! Бұл маңызды:

- 5 ГГц Wi-Fi желілеріне қолдау көрсетілмейді. Құрылғыны қосу үшін 2.4 ГГц желісін пайдаланыңыз.
- Мобильді қосымшаны белсендірген кезде біршама тұрақты қосымды қамтамасыз ету үшін Wi-Fi роутердің, құрылғының және смартфонның мүмкіндігінше жақын орналасқанына көз жеткізіңіз.
- Үйдегі Wi-Fi желісінде іркілістер және қосылу проблемалары туындаған жағдайда мобильді қосымшадағы шаңсорғыш-роботты алып тастап, оған қайта қосылу қажет.
- Wi-Fi желінің атауы (SSID) және құпия сөзі тек әріптер мен сандардан тұруы керек және бос орындар және/немесе арнайы таңбалар болмауы керек.

Мобильді қосымшаның көмегімен сіз:

1. Тазалау үдерісін нақты уақыт режимінде қашықтықтан бақылай аласыз.
2. Тазалау үдерісін бастап, тоқтатып және аяқтай аласыз.
3. Қажетті тазалау режимдері мен функцияларын белсендіре аласыз.
4. Құрылғының жұмыс үдерісінде орын алған қателер туралы біле аласыз.
5. Бағдарламалық жасақтаманы жаңарта аласыз.

⚠ Назар аударыңыз! Бұл маңызды:


Қосымшаны орнату және пайдалану туралы толық нұсқаулық «Мобильді қосымша» бөліміндегі тауар парағындағы www.gutrend.com сайтында.

Зарядтау станциясы

Шаңсорғыш-робот зарядтау станциясының орналасқан жерін есте сақтайды және тазалау сеансы аяқталғаннан кейін, аккумулятор заряды аз болған жағдайда немесе контейнер толып кеткен жағдайда оған оралады. Шаңсорғыш-роботты зарядтау станциясына мәжбүрлі қайтару үшін КБ пультіндегі немесе мобильді қосымшадағы «Үйге» батырмасын басыңыз.

Шаң жинау функциясы бар зарядтау станциясы әр тазалаудан кейін Робот вакуумының контейнерін автоматты түрде тазартады. Оның шаң жинағышы 60 тазалау циклына дейін қоқыс жинауға жеткілікті сыйымдылыққа ие.

Қоқысты тазалағаннан кейін робот шаңсорғыш зарядтау үшін 180° айналады.



gutrend.com


⚠ Назар аударыңыз! Бұл маңызды:

Ұсынылады:

- Құрылғыны зарядтау станциясынан алғашқы іске қосу. Бұл шаңсорғыш-роботпен зарядтау базасын іздеу уақытын қысқартуға мүмкіндік береді.
- Құрылғы жұмыс істеп тұрған кезде зарядтау станциясын қуаттан ажыратпаңыз, себебі шаңсорғыш-роботтың жұмыс алгоритмі контейнерді тазарту және қайта зарядтау үшін тазалау аяқталғаннан кейін зарядтау базасына қайтаруды көздейді.
- Зарядтау станциясының орналасқан орнын өзгертпеңіз, бұл навигациялық жүйенің дұрыс жұмыс істемеуіне әкелуі мүмкін.
- Зарядтау станциясы жылжытылған жағдайда, навигациялық жүйенің дұрыс жұмыс істеуі үшін мобильді қосымшада бұрын салынған картаны жою қажет.
- Аккумулятордың толық таусылуына немесе оны ауыстыру себебіне байланысты құрылғы өшірілген жағдайда, мобильді қосымшада шаңсорғыш-роботты алып тастап, оған қайта қосылу қажет.


Виртуалды қабырға

«Виртуалды қабырға» құрылғының жұмыс аймағын шектеу үшін қолданылады. Қажетті ұзындықтағы магниттік таспаның бір бөлігін кесіп, оны есік ойығына немесе шектеу қажет болатын аймақтың алдына орналастырыңыз. Сондай-ақ, сіз мобильді қосымшаның көмегімен шаңсорғыш-роботтың белгілі бір аймақтарға жылжуына тыйым сала аласыз.



Қашықтан басқару пульті (ҚБ) (пульт макеті мына жерде)


-  **«Іске қосу/тоқтату» батырмасы**
«Картаны құра отырып зияткерлік тазалау» режимін белсендіру немесе тазалауды аяқтау үшін пайдаланыңыз.
-  **«Алға» батырмасы**
Шаңсорғыш-роботты алға жылжыту үшін пайдаланыңыз.
-  **«Солға» батырмасы**
Шаңсорғыш-роботты солға бұру үшін пайдаланыңыз.
-  **«Оңға» батырмасы**
Шаңсорғыш-роботты оңға бұру үшін пайдаланыңыз.
-  **«Артқа» батырмасы**
Шаңсорғыш-роботты артқа жылжыту үшін пайдаланыңыз.
-  **«Үйге» батырмасы**
Шаңсорғыш-роботты зарядтау станциясына қайтару үшін пайдаланыңыз.
-  **«Кесте» батырмасы**
Тазалау кестесінің уақытын орнату үшін пайдаланыңыз.
-  **«Роботты іздеу» батырмасы**
Роботтың үй-жайда екенін анықтау үшін пайдаланыңыз.
-  **«Сору қуаты» батырмасы**
Сору қуатының деңгейін өзгерту үшін пайдаланыңыз.
-  **«Су беру» батырмасы**
Су беру деңгейін өзгерту үшін пайдаланыңыз.



Пайдалану

Жұмысқа дайындық (бірінші іске қосу қағидалары)


Шаңсорғыш-роботтың амортизациялағыш бамперінің қорғаныс ендірмелерін және оның жиынтықтаушыларынан үлдірлерді алыңыз.



Бүйірлік щеткаларды құрылғының төменгі жағында орналасқан арнайы осьтерге сенімді бекіте отырып орнатыңыз.

L және R әріптік белгілері шаңсорғыш корпусындағы бүйірлік щеткаларды орнату ұяларына сәйкес келеді.

Щеткаларды орнатқан кезде щеткалардың орнына орнатылғанын растайтын шертіл естіледі.




GUTREND VISION 730 робот-шаңсорғыш 2-жиынтықталым


Тазалау үшін орталық щетканы таңдаңыз. Шаңсорғыш-роботта гибриді щетка әдепкі бойынша орнатылған.

Шаңсорғыш-роботтың жиынтығында щеткалардың үш түрі көзделген:

- **Гибриді щетка** жұмсақ кілем жабынжарындағы қоқыстарды тазартудың өте тиімді құралы болып табылады. Ол кілем түктерінің тереңдігіне оңай енетін және шаңды, ластануды және ұсақ қалдықтарды тиімді жоятын арнайы қылшақтармен жабдықталған. Гибриді құрылмасының арқасында бұл щетка сіздің үйіңізде мінсіз тазалықты қамтамасыз ете отырып беттердің кез келген түріне қолайлы.



- **Силикон щетка** — жұмсақ кілемдер мен қатты жабындарды тиімді тазалауға арналған тағы бір тамаша таңдау. Ол шаш пен жүнді орамастан қоқысты тиімді жоюға мүмкіндік беретін ерекше құрылымға ие. Бұл әсіресе үй жануарлары үшін өте маңызды, себебі олар өз жүндерін кілемдер мен едендерде жиі қалдырады. Силикон щеткасы беттерде іздер мен сызаттар қалдырмай, мінсіз тазалыққа кепілдік береді.




- **Резеңкеленген қырғышы бар сорғыш модуль** — бұл әсіресе қатты жабындардағы жануарлардың жүндерімен, шаштармен және ұсақ шаңдармен күресудің таптырмас құралы. Ол ластанудың барлық түрлерін тиімді жинайтын және жоятын арнайы резеңкеленген қырғышпен жабдықталған. Сору функциясының арқасында модуль шаш пен шаңды оңай тартады, бұл сіздің үйіңізде мінсіз тазалықты қамтамасыз етеді. Бұл модуль үй жануарлары бар немесе шаңға аллергиясы бар адамдар үшін өте қолайлы.




Шаң жинау станциясын орнату және қосу

Шаң жинау станциясынан қорғаныс үлдірін алып тастаңыз.

Шаң жинау станциясының қақпағын ашыңыз және қапты шаң жинау станциясының ішіндегі арнайы ойықтарға орнатыңыз.



Шаң жинайтын станцияны орнатыңыз және оны қуат көзіне қосыңыз (зарядтау станциясы қабырғаға тірелген тегіс бетке орнатылуы керек, сол жақта және оң жақта 1 м және алдыңғы жағында 2 м бос орын қалдырылады).



⚠ Назар аударыңыз! Бұл маңызды:

Қуат қосылғаннан кейін шаң жинау станциясы жұмысының жарық индикаторы жасыл түспен жанады. Егер шаң жинайтын станция жұмысының шамы қызыл түспен жанса, шаң жинайтын қаптың орнына қойылғанына көз жеткізіңіз. Қатені болдырмау үшін шаң жинайтын қапты дұрыс орнатыңыз.

Шаңсорғышты зарядтау

Роботтың бүйір бөлігінде орналасқан қуатты ауыстырып-қосқышты қосулы күйге қойыңыз.


«I» символы қуатты қосуды білдіреді. «O» символы қуатты өшіруді білдіреді.

⚠ Назар аударыңыз! Бұл маңызды:

Қуат өшірілген кезде шаңсорғышты зарядтау мүмкін емес.



Кнопка включения



Шаңсорғышты зарядтау үшін шаң жинау станциясына орнатыңыз, шаңсорғыштың зарядтау қысқышы шаң жинау станциясындағы қысқышқа сәйкес келгеніне көз жеткізіңіз, зарядтауды іске қосу үшін роботтағы іске қосу/тоқтату батырмасын екі рет басыңыз.

Зарядтау станциясына орнатылған кезде құрылғы дауыстық сигнал шығарады, корпустағы іске қосу/тоқтату батырмасы ақ түспен жылтылдай бастайды. Зарядтау аяқталғаннан кейін батырма ақ түспен үнемі жанып тұрады, құрылғы дауыстық сигнал шығарады.

⚠ Назар аударыңыз! Бұл маңызды:

Li-Ion аккумулятор батареясының қызмет ету мерзімін ұзарту үшін алдымен шаңсорғыш-роботты 12 сағат бойы зарядтау керек.

Тұрақты пайдалану кезінде роботты электр көзіне қосылған зарядтау станциясында сақтаңыз. Егер робот ұзақ уақыт бойы пайдаланылмаса, қуат ауыстырып-қосқышын өшірулі күйге ауыстырыңыз.

Іске қосу

- Жұмысты бастау үшін мобильді қосымшаны смартфонға орнату ұсынылады. Шаңсорғыш-роботты іске қоспас бұрын, еденде роботқа тазалауға кедергі болатын заттардың жоқтығына көз жеткізіңіз.
- Қуат баусымдарын және құрылғы шатасуы мүмкін басқа да шағын заттарды еденнен алып тастаңыз.
- Құрылғы ұзын түкті және қылшықты кілемдерде қолдануға жарамсыз. Қолданар алдында виртуалды қабырғаға кіруді шектенің немесе мобильді қосымшадағы «Іріктеп тазалау» режимін пайдаланыңыз.
- Перделер мен төсек жапқыштар еденге тимейтініне көз жеткізіңіз.
- Егер тазалау аймағында баспалдақтар немесе сатылар болса, биіктіктен құлауға кедергі келтіретін датчиктердің бітелмегенін және құрылғының биіктік алмасуын көретінін тексеру қажет. Қажет болса, жиектің алдына магниттік таспаны қойыңыз немесе мобильді қосымшадағы «Қартаны теңшеу» режимін пайдаланыңыз.
- Жиһаздың астын кедергісіз тазалау үшін олардың және еденнің арасындағы алшақтық кемінде 10 см болуы керек екенін ескеріңіз.
- Қосымшаның көмегімен қалаған режимді және мүмкіндіктерді таңдаңыз.
- Мобильді қосымшада сіз сондай-ақ қалаған қуат деңгейін таңдай аласыз.

- Ылғал тазалау режимінде сіз су берудің қажетті деңгейін және ылғалды тазалау режимін: стандартты немесе мұқият тазалауды таңдай аласыз.
- Шаңсорғыш-робот, егер қуат деңгейі максимумға орнатылмаған болса, кілем жабындарында қуатты автоматты түрде максимумға дейін артырады.
- Тазалау аяқталғаннан кейін шаңсорғыш-робот зарядтау станциясына автоматты түрде оралады.
- Шаң жинайтын зарядтау станциясы тазалау аяқталғаннан кейін және робот контейнерді тазалау үшін зарядтау станциясына оралғаннан кейін және аккумулятор батареясы таусылған жағдайда барлық қоқыстарды автоматты түрде жинайды.

Робот пен зарядтау шаң жинағыш станциясы ақауларының алдын алу шаралары

Ықтимал қате	Шешім
Бүйірлік доңғалақ тұрып қалды	Доңғалақты босатыңыз және роботты қайта іске қосыңыз
Алдыңғы доңғалақ ақаулы	Доңғалақты тазалаңыз және шаңсорғышты қайта іске қосыңыз
Орталық немесе бүйірлік щеткалар бітелген	Орталық/бүйірлік щеткаларды қоқыстан және шаштан тазалаңыз. Щеткаларды орнына орнатыңыз және олардың еркін айналып тұрғанын тексеріңіз. Роботты іске қосыңыз
Датчиктер ластанған	Датчиктерді лас пен шаңнан сүртіңіз
Бампер ластанған	Бампердің алдыңғы және бүйір жақтарында бос жүрістің болуын тексеріңіз. Бос жүріс болмаған кезде кептелу себебін — кептелген қоқысты жойыңыз
Шаң жинауға арналған контейнер орнатылмаған	Контейнерді орнатыңыз
Лазерлік қашықтық өлшеуіш модулі бұғатталған	Лазерлік қашықтық өлшеуішті бұғаттауы мүмкін қоқыстарды алып тастаңыз. Лазерлік датчиктің объективін сүртіңіз, шаңсорғышты жаңа күйге жылжытыңыз және оны қайта іске қосыңыз
Желдеткіш қозғалтқышы жұмыс істемейді	Құрылғыны сөндіріңіз және қайта іске қосыңыз Егер ақаулық жойылмаса, қолдау қызметіне жүгініңіз
Шаңсорғыш-робот іске қосылмайды	Аккумулятордың жеткілікті зарядталғанына және роботтың бүйір бөлігіндегі қуат ауыстырып-қосқышы қосулы күйде екеніне көз жеткізіңіз

Робот пен зарядтау шаң жинағыш станциясы ақауларының алдын алу шаралары

Ықтимал қате	Шешім
Аккумуляторлық батарея ақаулы	Роботтың температурасы тым жоғары немесе тым төмен Шаңсорғыш-роботтың қуатын өшіріңіз және аккумулятор батареясы температурасының қалыпты мәндерге оралуын күтіңіз және құрылғыны қайта іске қосыңыз
Робот зарядталмайды	Роботтың шаң жинайтын зарядтау станциясына қосылуын тексеріңіз. Станцияның бейімдегішке қосылғанына көз жеткізіңіз
Робот тазалауды аяқтамай станцияға оралады	Роботты зарядтауға жіберіңіз Роботтың жұмыс уақыты үй-жайдың күрделілігіне, таңдалған тазалау режиміне және қоқыс мөлшеріне байланысты
Шаңсорғыш-роботтың ішкі байланысының жаңылысы	Құрылғыны өшіріп, қайта қосыңыз. Егер ақаулық жойылмаса, қолдау қызметіне жүгініңіз
Шаңсорғыш-робот кептеліп қалды	Шаңсорғыш бөгде заттармен бұғатталған Шаңсорғыш-роботты басқа жерге жылжытыңыз және тазалауды жалғастырыңыз
Шаңсорғыш-роботты тыйым салынған аймақта іске қосу мүмкін емес	Шаңсорғыш-роботты тазалауға рұқсат етілген аймаққа жылжытыңыз және тазалауды қайта іске қосыңыз
Робот жоспарланған тазалауды орындамады	Шаңсорғыш-роботтың жеткілікті зарядталғанына көз жеткізіңіз Шаң жинағыштың тазаланғанына көз жеткізіңіз
Робот шаң жинау станциясының зарядтағышына орала алмайды	Базаның алдында ешқандай кедергінің жоқ екеніне көз жеткізіңіз. Шаң жинайтын станция зарядтағышы мен роботтың түйіспелерін сүртіңіз

Зарядтау станциясы ақауларының алдын алу шаралары

Мәселе	Шешім
Шаң жинау станциясы жұмыс істемейді	Қуат бейімдегішінің желіге қосылғанына көз жеткізіңіз Шаң жинайтын станцияда шаң жинауға арналған қаптың бар екеніне көз жеткізіңіз
Шаң жинау станциясының күту режимінде индикатор көк түспен үздіксіз жыпылықтайды	Шаң жинау станциясының алдыңғы панеліндегі ажыратқыш бастапқы қалпына келмейді немесе станцияның бүйір бетінде магниттік материалдар болуы мүмкін Алдыңғы соққылық ажыратқышты сілкі арқылы алдыңғы магнитті қолмен тазалаңыз
Зарядтау станциясында шаң жинайтын қаптың болмауы немесе дұрыс орнатылмауы	Шаң жинайтын қапты дұрыс орнатыңыз
Ауа қысымының қатесі	Шаң жинайтын қаптың және/немесе станцияның саңылауы ашық екеніне көз жеткізіңіз және төменгі кіріс саңылауын тазалаңыз
Шаң жинау станциясының ақаулы күйі	Шаң жинау станциясының ішіндегі датчик зақымдалған. Сервистік қызмет көрсету бөліміне жүгініңіз

Wi-Fi-ға қосылу ақауларының алдын алу шаралары


Мәселе	Шешім
Робот Wi-Fi роутеріне қосылмайды	<ul style="list-style-type: none">• Роутеріңіздің 2,4 ГГц жиілікте жұмыс істейтініне көз жеткізіңіз• Роутердің кіріс қосылымдарына қосымша шектеулер қоймайтындығына көз жеткізіңіз (мысалы, тек көрсетілген MAC-мекенжайларын қосу)• Роутерді теңшеу үшін роутеріңіздің нұсқаулықтарын қараңыз• Wi-Fi атауында символдар мен бос орындар жоқ екеніне, тек әріптер мен сандардың болуына көз жеткізіңіз• Қосуды нұсқаулыққа сәйкес жүргізгеніңізге көз жеткізіңіз• Қосу кезінде робот, телефон және Wi-Fi роутер жақын орналасқанына көз жеткізіңіз

Егер сипатталған шешімдерді қолданғаннан кейін қандай да бір ақаулық жойылмаса, қолдау қызметіне жүгініңіз service@gutrend


Құрылғыға күтім жасау

Бүйірлік щеткаларды тазалау

Бүйірлік щеткаларды алыңыз. Қылшықтарды, бүйірлік щеткалардың негізін, сондай-ақ щеткаларды шаңсорғыш-роботтың өзінде бекітетін жерлерді тазалаңыз. Егер бүйірлік щеткалар тозса, оларды жаңасына ауыстырыңыз; қосалқы щеткалар құрылғы жиынтығына енеді.



Қадағалар мен қуаттау контактілерін тазалау




gutrend.com

Шаңсорғыш-роботтың амортизациялық бамперінде орналасқан датчиктер терезесін және биіктіктен құлауға кедергі болатын датчиктерді сүртіңіз. Шаңсорғыштың төменгі жағында және зарядтау станциясында орналасқан роботты зарядтау түйіспелерін сүртіңіз.

Айына кемінде 2 рет тазалау ұсынылады.

Орталық щетканы тазалау

Егер орталық щетканың бітелуі анықталса, шаңсорғыш-роботтың жұмысын тоқтатып, оны тазалаңыз. Щетканы тазаламас бұрын құрылғының өшірілгеніне көз жеткізіп, келесі әрекеттерді орындаңыз:




- Шаңсорғышты төңкеріп, оны шаң жинайтын контейнермен «өзіңізге қарай» орналастырыңыз.
- Меңзерлермен белгіленген бекіткіш ілмектерінің тілшелеріне баса отырып щетканы бекіту жақтауын алыңыз.
- Орталық щетканы шығару үшін, оның оң жағын көтеріп, тартыңыз.
- Орналған қоқысты кесіңіз және орталық щетканы турбощетканы тазалауға арналған щеткамен тазалаңыз.
- Орталық щетканы және щетканы бекіту жақтауын орнына қайтарыңыз.

GUTREND VISION 730 робот-шаңсорғыш 2-жиынтықталым

Шаң жинауға арналған контейнерді тазалау

Шаң жинау станциясы әр тазалау аяқталғаннан кейін шаң жинауға арналған контейнерден қоқысты өздігінен шығарады.

Контейнерді қолмен тазалау үшін келесі әрекеттерді орындаңыз:





- Құрылғының артқы жағындағы батырманы басып, өзіңізге қарай тарту арқылы контейнерді шығарыңыз.
- Контейнерді шығарғаннан кейін сору арнасын бөгде заттардың бар-жоғына тексеріп, қажет болған жағдайда оны тазалаңыз.
- Контейнерді шығару батырмасын басып, оның жоғарғы бөлігінен тарту арқылы контейнерді ашыңыз.
- Контейнердегі қоқысты сілкіңіз.

- Контейнердің бүйір бөлігінде орналасқан құлып ілмегінің тілін тарту арқылы сүзгілері бар бөлікті ашыңыз.
- Пластик жақтаудан HEPA-сүзгіні шығарыңыз.
- Контейнерді тазалауға арналған щеткамен сүзгілерді тазалаңыз.
- Шаң жинайтын контейнер мен алдын ала тазалау сүзгісін судың астында шайыңыз.
- Шаң жинайтын контейнерді және алдын ала тазалау сүзгісін кептіріңіз.
- Сүзгілері бар бөлікті HEPA-сүзгіні дұрыс орнатпау сақтандырғышын меңзер бойымен бұрап, контейнерге орнатыңыз.
- HEPA-сүзгіні жуу ұсынылмайды. Контейнерді тазалауға арналған щетканың көмегімен шаңды жоюға болады. HEPA-сүзгісінің қызмет ету мерзімі 6 айға дейін. Осы мерзім аяқталғаннан кейін HEPA-сүзгіні ауыстырыңыз.

2-үнде 1 құрғақ және ылғал тазалау контейнерін тазарту


Шаңсорғыш-роботты әр рет пайдаланғаннан кейін біріктірілген тазалау контейнерін тазарту ұсынылады. Контейнерді тазалау үшін келесі әрекеттерді орындаңыз:



- Шаң бағын тұтқасынан жоғары қарай тартып, біріктірілген тазалау контейнерінен шығарыңыз.
- Шаң бағындағы қоқысты сілкіңіз.
- Шаң бағының бүйір бөлігінде орналасқан құлыптың тілін тарту арқылы сүзгілері бар бөлікті ашыңыз.
- Пластик тілді тарта отырып сүзгілері бар бөлікті шығарыңыз, контейнерді тазалауға арналған щеткамен сүзгілерді тазалаңыз.
- Шаң бағын жуыңыз және құрғатыңыз. Сүзгілері бар бөлікті орнына орнатыңыз.
- Ылғал тазалау үшін микрофибраны алыңыз, жуыңыз және кептіріңіз.
- Су бағының тығыздағыш бітеуішін ашып, қалған сұйықтықты төгіңіз және контейнерді кептіріңіз.
- Біріктірілген тазалау үшін контейнерге шаң бағын орнатыңыз.

Зарядтау станциясын тазалау

1. Шаң жинау станциясының қақпағын ашыңыз.
2. Шаң жинайтын ескі қапты шығарыңыз.
3. Шаң жинайтын ескі қапты кәдеше жаратыңыз.
4. Шаң жинайтын жаңа қапты орнатыңыз.
5. Қақпақты қатты жабыңыз.



Құрылғы корпусындағы батырмалардың жарық индикациясы

Іске қосу/тоқтату батырмасы индикаторының жарық сигналдары

Мәні

Ақ, баяу жылтылдайды

Зарядталады

Ақ, үнемі жарқырайды

Зарядтау аяқталды/құрылғы жұмыс істеуге дайын немесе тазалауды орындайды

Қызыл, баяу жылтылдайды

Аккумулятордың қуаты таусылған

Қызыл, тез жылтылдайды

Қате туралы сигнал

Индикатордың жарық сигналдары Іске қосу/тоқтату батырмалары

Мәні

Көгілдір, тез жылтылдайды

Wi-Fi модулі белсендірілді

Көгілдір, баяу жылтылдайды


Смартфонға қосу

Көгілдір, үнемі жарқырайды

Құрылғы Wi-Fi-ға қосылды

Қызыл, тез жылтылдайды

Қосылу қатесі




Шаң жинау станциясының корпусындағы батырмалардың жарық индикациясы

Шаң жинау станциясының жұмыс индикаторының жарық сигналдары

Мәні

Жасыл, баяу жылтылдайды	Шаң жинау станциясы дұрыс жұмыс істейді
Көк, тез жылтылдайды	Зарядтау станциясындағы немесе шаңсорғыш-роботтағы микрокоммутатор жұмыс істемейді/робот контейнеріндегі қоқысты қоқыс қабына сору мүмкіндігі бұғатталған
Көк, үнемі жарқырайды	Шаң жинау станциясы шаң жинайды
Қызыл, тез жылтылдайды	Шаң жинау станциясы датчигінің ақаулығы
Қызыл, баяу жылтылдайды	Қоқыс дорбасы толған. Ауыстыру қажет



Кепілдікті қызмет көрсету

1. Кепілдік міндеттемелер Ресейдегі және ТМД елдеріндегі ресми дилерлер, дистрибьюторлар желісі арқылы сатып алынған бұйымға қолданылады.
2. Кепілдік мерзімі 4 жылды құрайды. 1 жыл - тегін кепілді жөндеу және 3 жыл - сервистік қызмет көрсету (жөндеу жұмыстарын тегін орындау; бөлшектердің құны мен көлік шығындары бөлек төленеді). Жөндеу мүмкін болмаған жағдайда, жабдық өндіруші-фирманың жеткізу мерзіміне байланысты жаңа құрылғыға ауыстырылады.
3. Кепілдік мерзімі ішінде бұйымға тегін кепілді қызмет көрсету мынадай шарттар орындалған кезде қамтамасыз етіледі:
 - Тұтынушының қауіпсіздік талаптарын сақтауы және бұйымды пайдалану шарттарының құжаттамада көрсетілген техникалық стандарттарға сәйкестігі.
 - Бұйымның осы кепілдік міндеттемелерде көзделген кепілді қызмет көрсету шарттарына және бұйымды сатып алған елдің қолданыстағы заңнамасына сәйкестігі.
4. Осы кепілдік міндеттемелер мыналарға қолданылмайды:
 - бұйыммен бірге пайдаланылған басқа өндірушілердің жабдықтарына;
 - шығыс материалдарына және бұйымға арналған опцияларға (қуат элементтерін, шамдарды және т. б. қоса алғанда);
 - профилактикалық жұмыстарға және бұйымның ішкі бөліктерін тазалауға;
 - табиғат құбылыстары, бұйымға бөгде заттардың немесе сұйықтықтың түсуі, жануарлардың әрекеті, бұйымға жануарлардың тіршілік әрекеті өнімдерінің түсуі, бұйымды қате орнату, пайдалану, сақтау немесе тасымалдау, механикалық әсер, көрсетілген әрекеттерді жүргізуге уәкілетті емес адамдардың бұйымның тораптары

мен бөлшектеріне рұқсатсыз қол жеткізуі нәтижесінде бүлінген бұйымға.

Кепілді қызмет көрсетуге қатысты сұрақтар туындаған жағдайда бізге поштаға жазыңыз service@gutrend.com поштасына жазыңыз немесе 8 800 500-75-68 нөміріне қоңырау шалыңыз.

Шаңсорғыш-роботты кәдеге жарату қағидалары мен шарттары

- Бұйымның қолдану мерзімі аяқталғаннан кейін, оны әдеттегі тұрмыс қалдықтарымен бірге лақтыруға болмайды.
- Мұның орнына, оны федералдық немесе жергілікті заңнамаға сәйкес кейінгі қайта өңдеу мен кәдеге жарату үшін тиісті электрлік және электрондық жабдықтарды қабылдау орнына кәдеге жаратуға беру керек. Осы бұйымды кәдеге дұрыс жаратуды қамтамасыз ете отырып, сіз табиғи ресурстарды сақтауға көмектесесіз және тиісінше қолданбау салдарынан қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына келтірілуі мүмкін зиянның алдын аласыз.
- Осы бұйымды қабылдау және кәдеге жарату пункттері туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыс қоқысын шығаратын кәсіпорыннан ала аласыз.
- Аспаптың ақаулығы анықталған кезде дереу сервис орталығына хабарласу немесе аспапты кәдеге жарату керек.

Сертификаттау және декларация

Gutrend Vision 730 шаңсорғыш-робот 2-жиынтықталым КО ТР 020/2011, 004/2011, ЕАЭС ТР 037/2016 талаптарына сәйкес келеді.

Уполномоченное изготовителем лицо (импортер):

ООО «Р-ДИСТРИБУЦИЯ», Российская Федерация,
195267, Санкт-Петербург г, Просвещения пр-кт, дом 86,
корпус 1, офис 12-Н.
Телефон: +7 812 385-59-23.

Завод-изготовитель:

«Guangzhou Chuangyuan Robot Corporation Limited»,
Floor 3, Building A and B, No.30 Haogang Avenue, Dagang
Town, Nansha District, 514470 Guangzhou City, PRC.

Дата изготовления: январь 2024.

Сделано в КНР. Срок службы: 4 года.

Сервисная поддержка: service@gutrend.com

Дайындаушы уәкілеттік берген тұлға (импорттаушы):

«Р-ДИСТРИБУЦИЯ» ЖШҚ, Ресей Федерациясы,
195267, Санкт-Петербург қ., Просвещение даңғылы,
№ 86-үй, 1-корпус, 12-Н кеңсе.
Телефон: +7 812 385-59-23.

Дайындаушы-завод:

«Guangzhou Chuangyuan Robot Corporation Limited»,
Floor 3, Building A and B, No.30 Haogang Avenue, Dagang Town,
Nansha District, 514470 Guangzhou City, PRC.

Дайындалған күні: қаңтар 2024.

ҚХР жасалған. Қолдану мерзімі: 4 жыл.

Сервистік қолдау: service@gutrend.com



gutrend.com